

**ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ****Жуашбаева Гулная Бабаханқызы***gulhaya89@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ММТ – 21 магистрі

Ғылыми жетекшісі – Айгүл Өмірбекқызы Тұрсынбаева

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Айтып көрсетер болсақ, «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға аса көп назар аудару қажет. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, аталған санаттағы адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын [1]. Қазіргі өскелең бала – болашақ азамат. Денісау адамдардың қасында өздерін жайлы сезіну үшін, осы азаматтарды балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеуге бағытталған тең мүмкіндіктер мәдениетін жетілдіру.

Мемлекетіміздің қоғамдық– әлеуметтік өміріне нарықтық қатынастардың араласуына байланысты өзгеріске ұшыраған саяси, экономикалық, әлеуметтік – мәдени, рухани жағдайлар жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін жаңаша ойластыруды талап етеді. Аталған себептерге байланысты еліміздің даму стратегиясына сай жас ұрпақтың рухани байлығын одан әрі жетілдіруге, әлеуметтік қорғауға ерекше мән берілуде.

Әлеуметтік қорғауға қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандар ерекше мұқтаж болып отыр. Мүгедек – тіршілік әрекеті шектелгендіктен әлеуметтік қорғауды қажет ететін, тумасынан жарақат немесе апат салдарынан денсаулығына зақым келген, ағза қызметінің қалпы бұзылған, кемістігі бар адам.

Мүмкіндігі шектеулі жандар әлеуметтік интеграцияны, еркіндікті қамтамасыз ететін қоғамда лайықты және толыққанды өмір сүруіне жәрдемдесетін арнайы күтім, білім және қажетті дайындық алуға құқылы. Мүмкіндігі шектеулі жандар мемлекет тарапынан көмек алуға, білім алуға, сонымен қатар тағы басқа да қажеттіліктерін алуға міндетті.

Қазіргі таңда елімізде қоршаған ортада болып жатқан саяси, экономикалық және рухани өзгерістер мүмкіндігі шектеулі жандар мен олардың отбасыларының өмірін әлеуметтік ортада оңтайландыру жолын осы уақытқа дейін қалыптасқан үйреншікті көзқарастарды қайтадан талдаулар жүргізу арқылы тиімді жолын іздейді. Біз халықтың жалпы әлеуметтік, жергілікті, топтық және жеке деңгейлерге қатысты реабилитациялық процестерге байланысты осы үлкен және күрделі мәселелерге аландатушылық білдіреміз.

Зерттеу тақырыбы қоғамға әсер еткен күрделі әлеуметтік – экономикалық, саяси және рухани дағдарыспен ғана байланысты емес. Мүмкіндігі шектеулі жандар – қоғамда психологиялық жағынан, құндылық бағдарларының жоғалуы салдарынан және мінез – құлық нормалары күйзеліс жағдайына тап болған аз қорғалған халықтың бір тобы. Бүгінгі таңда гуманистік жолды ұстану, шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру және олардың әлеуметтік маңыздылығына деген сенімін нығайту өте маңызды.

Жалпы мемлекет деңгейінде және біртұтас қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандардың рухани мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпылама жағдай жасалған. Бірақ, бұл мәселені шешу үшін біршама маңызды әрі сенімді зерттеулер мен көптеген сұрақтарға жауап алуды талап етеді.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды тәрбиелеу үрдісін ұйымдастырудың кемшіліктері: психологиялық жайсыздық, сонымен қатар баланың денсаулығы мен даму көптеген жағдайларға байланысты. Тек қана дұрыс тамақтану, күн тәртібі ғана емес, сондай – ақ, психологиялық қолайлық түсінігінің жоқтығы. Психологиялық қолайлы жағдайдың жоқтығы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірдегі маңызды қажеттіліктерімен

қамтамасыздандырылмағандықтан туындап отыр. Осыдан келіп, қажеттілік дегеніміз не деген сауал туындайды. Қажеттілік дегеніміз – сүйіспеншілік, қауіпсіздік, қарым – қатынастар, қоғамды үлкен/ересек адам арқылы тануы, даму ортасының тым тар болуы, объектілердің бірқалыптылығы мен аздығы, отбасындағы экономикалық жағдайдың төмендігінен даму кемшіліктерін толықтырмайтын және мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін қамтамасыз ететін оқытулар мен тәрбие жұмыстарының аздығы.

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі, яғни, мүгедек, тіл кемістігі бар, көз жанарынан айырылған, аутизмге ұшыраған балаларға деген қоғамда өрескел көзқарас қалыптасқан. Балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі – мүгедек жандарды әлеуметтік оңалту болып табылады, ол мүгедек жандардың тіршілік әрекетінің шектелуін еңсеруі, әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруі, әлеуметтік тұрмыстық және еңбекке бейімделуі, материалдық тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылады.

Адамның ең маңызды игілігі – жеке басының бостандығы мен құқықтары болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықты қорғау, әлеуметтік қолдау, оны іске асыру механизмдері конституциялық – құқықтық жарлықтарда және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда белгіленген.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік құқығын сақтау 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес іс жүргізіледі. Аталмыш Заңның негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды біздің қоғамда оқыту, дамыту, оңалту және тәрбиелеу үшін барлық жағдайларды жасау.

2005 жылдың 13-ші сәуірінде қабылданып, 2006 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау» №39-III ҚР Заңының да негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, сонымен қатар олардың тіршілік – тынысымен, қоғаммен тығыз қарым – қатынас жасау үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық шарттарын айқындау. Бұл Заңда мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу, олардың құқықтары және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, т.б. мәселелер қамтылған [2].

Ал, 2002 жылдың 11-ші шілдесінде қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық және педагогикалық қолдау» туралы №343-III ҚР Заңына сәйкес, 2003 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап, дамуында әртүрлі физикалық, психологиялық ауытқулары бар балалардың бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік, медициналық және педагогикалық түзету әдістері қайта қаралып, толықтырылып, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қалыптастырудың тиімді шаралары белгіленеді. Осы Заңға сәйкес денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім және ғылым, спорт және мәдениет басқармаларының қатысуымен мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы әдіс-тәсілдермен тәрбиелеу, оқыту, еңбекке баулу, әлеуметтік-мәдени оңалту, қоршаған ортасына әлеуметтік бейімделу шаралары жүзеге асырылады. Аталған басқармалармен қатар, бұл шараларға әртүрлі қоғамдық ұйымдар, қорлар, жеке азаматтар ат салысады. Заңда көрсетілген басым бағыттар бойынша қолдау шаралары мүмкіндігі шектеулі, даму процестерінде әртүрлі дәрежедегі кемістіктері бар азаматтар үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін үлкен қамқорлық болып саналады. Осы Заңды жүзеге асыру – әлеуметтік және мәдениет саласының қызметкерлерінің мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу, арнайы әдістермен оқыту, сауықтыру, түзету әдістерін іс – жүзінде жүзеге асыру негізгі міндеттері болып табылады [3].

«Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру қажет екендігі 23-бапта белгіленген [4].

«Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды тең құқылы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету туралы стандартты ережелер» (БҰҰ), мүмкіндігі шектеулі жандардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екені айтылған. Бұл құқықтық құжатта мүмкіндіктерінің түріне қарай мемлекетімізде арнайы

стратегиялар, ақпараттық қызмет пен қол жетімді құжаттарды әзірлеудің қажеттілігі жайлы бекітілген [5].

Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде қарапайым балалар да, мүмкіндігі шектеулі балалар да бар. Ендеше бұл балаларды бөлмей, бәріне бір көзқараспен қарап, олардың болашағына жол ашуға көмектесу қажет. Әрине бұны жеңіл деп айта алмаймын.

Бірақ, бір сәт мүмкіндігі шектеулі балалардың орнында болып көрейікші, бізге қандай ауыр болса, оларға бізден аса ауыр. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі балалардың толық көлемде өмір сүруі үшін біздің еңбектенуіміз керек.

Әр бала үшін ең алғаш мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы инклюзивті білім беруді дамыту жобасы дайындалды, ал 2010 жылдың 1-ші ақпанында Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның басты мақсаты – елімізде инклюзивті оқытуды дамыту, осы заң аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мен оларды әлеуметтік, медициналық тұрғыдан қамтамасыз етуді қарастырады.

Елімізде ғана емес барлық әлемнің өзекті мәселелерінің бірі мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан алыстатпай оларды да өздерінің қоғамның бір мүшесі екендігін сезіндіру, басқа да балалармен бірдей білім алуын қамтамасыз ету, сол себепті – инклюзивті білім беру бағдарламасы қабылданды.

Инклюзивті білім беру – этикалық тегіне, діни сеніміне, экономикалық мәртебесіне және дамуындағы ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балалардың білім алуына, сонымен қатар әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау үрдісі.

Инклюзивті білім беру – негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығарып, барлық адамдарға деген теңдік қарым – қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Инклюзивті бағыт балаларды жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіндігін қалыптастырады.

Балалардың тең құқығын анықтайды және барлық іс – әрекеттерге қатысуға, адамдармен қарым – қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, өмірде ең керекті білік пен дағды – қоғамда қарым – қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу. Сондықтан, тең мүмкіндіктер мәдениетін қалыптастыру – мүмкіндігі шектеулі жандардың қоршаған ортаға табысты бейімделу факторларының бірі болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жыл 17 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Заңы.
4. Бала құқықтары туралы Конвенция. 1989 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған.
5. Декларация о правах инвалидов. Генеральной Ассамблеи от 9 декабря 1975 года.